

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ФИЛОСОФИЯ
ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ ФИЛОСОФИЯ КАФЕДРАСЫ

М4513 Метафизика
ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

5 ECTS

6B02201 Философия

Құрастырған: философия ғылымдарының докторы Б.М. Аташ

Философия кафедрасының мәжілісінде қарастырылған және ұсынылған
2024 жылғы «29» Тамыз, №1 хаттама

Алматы, 2024

«**Метафизика**» пәні бойынша оқу-
әдістемелік кешен
Құрастырған: философия ғылымдарының
докторы
Б.М. Аташ
2024-2025 оқу жылы

«**Метафизика**»
ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Емтиханға ұсынылатын оқу тақырыптары мен мазмұны: Метафизика пәні және метафизикалық мәселелер. Метафизикалық мәселелердің қойылуы. Метафизиканың даму тарихы. Метафизика мен онтология. Аристотельдің Метафизикасы. Форма мен материя. Себептілік. Мән туралы ілім. Метафизиканың формалары. Метафизикалық ойлау. Индуктивті метафизика. Классикалық метафизика. Метафизика және онтология. Онтологиялық мәселелер. Әлем мен қоғам. Метафизикалық мәселелер. О. Конттың метафизиканы сынауы. О. Конттың позитивизмі және метафизика. XX ғасыр философиясындағы метафизика. Постмодернизм және метафизика. Спекулятивті метафизика. Спекуляция мен софистика. Спекуляция мен рационалдылық. Проблемалық алаң және метафизикалық ойлау. Примитивизм қағидасы. Примитивизм ұғымы. Ойды жеткізу және метафизикалық ойлау. Ойды үнемдеу қағидасы. Схоластика және индукция. Схоластика және метафизика. Орта ғасырдағы метафизика. Индуктивті метафизика. Метафизиканың зерттеу пәні: Болмыс, ештеңе, еркіндік, Құдай, ақиқат, Жан, рух, табиғат. Метафизиканы сынау. Позитивизм, неопозитивизм, Постмодернизмнің метафизиканы сынауы. Ғылыми емес білімдер және метафизика. Мифология, мистика, Оккультизм және метафизика. Ғылым таным мен метафизика. Нарративті білімдер. Абсолютті рух пен ақиқат мәселесі. Постметафизикалық ойлау. Софистика және метафизика. Бейсызықтық физика және метафизикалық түсініктер. Әлем голограмма ретінде. Метафизика және шынайы өмір

Оқу нәтижелері: Студент курс аяқталғаннан кейін мынадай мәселелерді меңгеруі тиіс: Метафизиканың негізгі категорияларына анықтама беру; Метафизиканың тарихи дамуындағы маңызды кезеңдерді сипаттау; Метафизикалық теориялардың негізгі ережелерін атап көрсету; Метафизиканың негізгі мәселелерін сипаттау; Метафизиканың туралы пайымдаған ойшылдардың философиялық ойларын танып-білудің негізгі ғылыми және философиялық әдістерін анықтау; Арнайы әдебиеттерден алынған түсініктемелерге негізделген философиялық мәтіндердің мазмұнын ашып көрсету; Идеялардың философиялық емес формалардың философиялық мазмұнын ашу; Метафизика туралы философиялық тұжырымдамаларды сыни тұрғыдан талдау және бағалау; Мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның қағидаларындағы руханилық тұрғыдан салыстыру; Метафизика мәселелерін бағалау интеллектуалдылық философиялық талдау әдістемесін қолдану; Руханилық дүниетаным мен әр түрлі көзқарастарды толықтыру және дамыту; Өмірлік идеалдарды, құндылықтарды, нормаларды түсінуге арналған философиялық және дүниетанымдық көзқарастардың нұсқаларын сыни тұрғыдан бағалау; Өмірлік жағдайларға қатысты өз моральдық көзқарасты анықтау т.б.

Емтихан кестеде белгіленген уақытта басталады. Студент емтихан тапсыру барысында: кешікпей келу, жұмысын уақытылы тапсыру, шпаргалка қарау т.б. университетте жалпы қабылданған емтихан талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Олар бұзылған жағдайда студентке «F» бағасы қойылады.

Емтихан формасы: Қорытынды емтихан оффлайн жазбаша түрде өткізіледі. Әртүрлі жағдайларға байланысты емтихан формасы өзгерген жағдайда қосымша хабарланады.

Емтиханды бағалау: Емтихан бойынша ең толық (max) балл – 100 балл. Баға қойылу мерзімі – 48 сағат.

Қорытынды емтиханға дайындалу үшін ұсынылатын тақырыптар тізімі және олардың қысқаша мазмұны

1.Тақырып Метафизика проблемасы және метафизика пәні. Метафизика пәні. Метафизиканың түрлері. Метафизикалық ойтолғамдар бағдары.

1а Тақырып. Объективті, субъективті идеализм мен дуализм Философияның негізгі мәселесі. Материализм мен идеялизм. Объективті идеялизм. Субъективті идеялизм. Дуализм мен плюрализм мәселелері. Қазіргі заманғы таным: философиялық ойдың негізгі мәселесі туралы

№ 2 Тақырып. Болмыс ұғымы мен оның мәні . Болмыс түсінігі, оның мағынасы мен баламалық ұғымдары. Болмыстың түрлері мен олардың өзара қатынасы. Болмыстың қабаттары туралы ілім

2а Тақырып. Материя және оның негізгі сипаты. Материя: құрылымы мен қасиеттері. Субстанция мәселесі: монизм, дуализм, плюрализм. Қазақ дүниетанымындағы субстанцияның баламалары.

4 Тақырып. Материяның атрибуттары мен өмір сүру формалары. Қозғалыс және оның түрлері. Тыныштық және оның салыстырмалылығы. Кеңістік пен уақыт мәселесі. Кеңістік пен уақыт туралы қазіргі заманғы тұжырымдамалар мен баламалық әлемде

4а Тақырып. Табиғат болмысы мен өмір – онтологиялық байыптаудың пәні. Табиғат және оның алғашқылығы. Табиғаттың жаратылуы. Өмір (тіршілік) – материя қозғалысының жоғарғы формасы. Географиялық орта және қазіргі қоғам-табиғат жүйесіндегі қайшылықтар. XX ғасырдағы ғаламдық мәселелер философиясы. Спекулятивті реализм: әлем мен адам қатынасы туралы

5 Тақырып. Адам болмысы, философиялық антропологияның метафизикалық мәселелері. Адам ұғымы мен оның мәні. Адамның жаратылуы мәселесі: антропогенез бен социогенез. Адамның био-физио-психо-әлеуметтік мәні. Адам – қоғам, Адам – табиғат, Адам – әлем қатынастары.

5а Тақырып. Адам болмысы, философиялық антропологияның метафизикалық мәселелері. Адам-Жеке адам-Тұлға. Персонализм мен перфекционизм. Евгеника (неоэвгеника), постадам, трансгуманизмнің философиясы.

6 Тақырып. Жан-рух-Тән. Сана түсінігі: бейнелеу теориясы, психика, сана туралы пайымдаулар. Философиядағы сана метафизикалық-мистикалық пайымдаулар. Сана туралы зерттеулер – квалия мәселесі. Философиядағы Рух мәселесі және оның концепт ретіндегі көрінісі. Адамның о дүниелік рухтары. Адам өмірінің мағынасы мен мәні: метафизикалық толғаныстар. Мәңгілік өмірді аңсау мистикасы мен мұраттары. Ақырзаман: адамзат тіршілігінің болуы мен болмауы мәселесі.

6аТақырып. Еркіндік метафизикасы. Еркіндік ұғымы. Философия тарихындағы еркіндік мәселесі. Бағынышты сана. Астрология – адам өмірін анықтайтын парағылым. Нумерология адам тағдырына байланысты ғылыми емес білім. Діни фатализм және тағдыр мәселесі. Әлемдік ерік идеясы және онтологиялық еркіндік

№7 Тақырып. Әлем болмысы және оның жаратылуы мәселесінің метафизикалық және жаратылыстанулық қырлары. Хаос ұғымы және мифтік дүниетанымдағы космогенез. Философиядағы және жаратылыстанудағы әлемнің пайда болуы турасындағы ілімдер. Әлемнің жаратылуы туралы діни түсіндірмелер. Ғарыштың құрылымы мен заңдылықтары жөніндегі тұжырымдар.

№7а Тақырып. Бейболмыс мәселесі – онтологияның негізгі тұғыры: метафизикалық мәселелер алаңы. Бейболмыс түсінігі және оның концептуалды негіздері. Ештеңенің құрылымы, қызметі, тәжірибелік маңызы, танымдық қырлары. Ештеңенің қызметтері мен танымдық бағдарлары

№ 8 Тақырып. Ақиқат-сенім-адасу мәселелері: ақиқат метафизикасы. Ақиқат және оның түрлері мен релятивизм. Ақиқаттың өлшемдерінің

ұсынылу бағдарлары. Ақиқат пен адасу, ақиқат пен сенім мәселелерін ашу сыни ойлаудың негіздері

9 Тақырып. Метафизикалық категориялардың диалектиканың категориялар ретінде негізделу. Мән мен құбылыс. Мазмұн мен форма. Себеп пен салдар. Қажеттілік пен кездейсоқтық. Бүтін мен бөлшек. Жалпы мен жеке. Мүмкіндік пен шындық. Диалектикалық категориялардың тәжірибелік қырлары мен маңызы

10 Тақырып. Софистика және метафизика. Схоластика және метафизика.Диалектика және метафизика: ойлаудың формалары ретінде. Метафизика және софистика: шындық пен алдау. Метафизика және схоластика: философиялау мен абстрактілі. Эклектика және метафизика: ойлау машықтары ретінде

11 Тақырып. Метафизика және мистика. Оккультизм және метафизика.Ғылыми емес білімдердің бастаулары және философия. Метафизика және мистика. Метафизика және оккультизм

12 Тақырып. Мифология және метафизика. Мифология архайкалық ойлау дүниетанамы ретінде. Мифтердің шығуы туралы теориялар. Мифтік ойлаудың ерекшеліктері\

12а Тақырып. Дін және метафизика: дін философиясы мен діни философия.Дін және дінтану мәселелері. Дін философиясы, алғашқы діни сенімдер, діннің қызметтері. Теология және дінтанулық зерттеулер. Діни философиясы мен діни философия. Метафизикалық мәселелер және дін. Теологиялық метафизика. Діндегі және метафизикадағы рух: арақатынасы мен байланысы.

13 Тақырып. Индуктивті метафизика және спекулятивті ойлау Спекуляция түсінігінің мағынасы. Спекуляциялаудың түрлері. Спекулятивті реализм.

14 Тақырып. Позитивизм, неопозитивизм, постмодернизмнің метафизиканы сынауы Позитивизм бағытындағы негізгі мәселелері. Неопозитивизм мен лингвистикалық философиядағы метафизикалық мәселелері. Постмодернизмнің метафизика мен классикалық философияны сынауы. Постметафизикалық ойлау.

15 Тақырып. Бейсызықтық физика және метафизикалық түсініктер. Әлемнің жаңаша бейнесі: философиялық және жаратылыстанулық. Жаратылыстану ғылымдарындағы метафизикалық мәселелердің заманауи дискурсы. Бейсызықтық физикадағы мүмкін болатын гипотетикалық әлем

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: «**Метафизика**». Форма: Оффлайн, Жазбаша Платформа: Univer

№	Критерий	Балл	ДЕСКРИПТОРЛ АР				
			«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
			90-100 %	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%

1 сұрақ	1 критерий	Емтихан сұрақтарына толық жауап беру, қойылып отырған сұрақтар бойынша жан-жақты білім көрсету, түпнұсқаларды жан-жақты қолдану	Сұрақтарға толық жауап беру, бірақ түпнұсқаларды қолдануда аздаған кемшіліктердің болуы	Емтихан сұрақтарына жауаптардың жалпылай баяндалуы, стилистикалық және грамматикалық қателіктердің болуы	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалған, сұрақтарға жауаптар толық емес, сонымен қатар, емтихан ережелерін бұзылуы	Қойылған сұрақтарға жауаптардың болмауы, пән бойынша білімін көрсете алмауы, сонымен қатар, емтихан ережелерін бұзылуы
	2 критерий	Әрбір қорытынды мен мәлімдемені ғылыми ережелерге сүйене отырып егжей-тегжейлі дәлелдеу, логикалық	Тұжырымдамалық материалды, ғылыми ережелерді пайдалануда 3-4	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы	Жауаптарда ғылыми ережелер мен тұжырымдардың болмауы	Ғылыми ережелер мен тұжырымдардың,

		түрде құрастыру және мысалдармен растау	дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдарда кішігірім қателіктерге жол беру	туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз		баяндау логикасының мүлдем болмауы
2 сұрақ	1 критерий	Сұрақтардың мазмұнын толықашу, курстың практикалық мәселелерін дұрыс талдау	Сұрақтарға жауап беруде, курстың практикалық мәселелерін талдауда аздаған қателіктердің болуы	Сұрақтардың мазмұнының үстүртін ашылуы, практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдіктің болмауы	Қойылған сұрақтардың мазмұны мен практикалық маңызының ашылмауы	Сұрақтардың мазмұнымен курстың практикалық маңызының мүлдем талданбауы
	2 критерий	Түпнұсқаларды және философиялық категориалдық аппаратты қолдана отырып, материалды айқын да түсінікті баяндау	Түпнұсқалар мен философиялық категориалдық аппараттың жеткіліксіз қамтылуы	Жауаптарда түпнұсқаларды, философиялық категориалдық аппаратты нақты қолданбау	Түпнұсқалар, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер, философиялық категориалдық аппарат нашар пайдаланылған	Ешқандай түпнұсқаның, талдау материалдары мен құралдарының қолданылмауы
3 сұрақ	1 критерий	Сұрақтар бойынша өзіндік көзқарасын анық жеткізу, ғылыми сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау	Өзіндік пікірдің жеткілікті айқын болмауы, ғылыми тіл нормаларын сақтауда кемшіліктердің болуы	Қойылған сұрақтар бойынша өзіндік көзқарасын нақты жеткізе білмеу	Сұрақтар бойынша өзіндік көзқарасты дәлелдей алмау, ғылыми тілді қолданбау	Сұрақтар бойынша өзіндік көзқарастың болмауы, ғылыми философиялық аппаратты мүлдем қолданбау
	2 критерий	Мәселені талдау дағдысын көрсете білуде аздаған	Мәселені талдау дағдысын көрсете білуде	Қарастырылып отырған мәселелерді	Сұрақтарды талдау дағдысының	Тапсырманы орындамау, емтихан

		кемшіліктердің болуы	кішігірім кемшіліктердің болуы	үстіртін талдау	мүлдем болмауы	ережелерін бұзу
--	--	----------------------	--------------------------------	-----------------	----------------	-----------------

Қорытынды бағаны есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (% 1+% 2+% 3+% 4+% 5+% 6 т.б.) / К, мұнда % – критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К – критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды баллды есептеу мысалы

№	Балл Критерийлер	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100%	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
1.	1 Критерий	100				

2.	2 Критерий		75			
3.	3 Критерий			60		
4.	4 Критерий				45	
5.	5 Критерий	100				
6.	6 Критерий				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	200+ 75 + 60 + 94 = 429 429 / 6 критерийлер = 71,5 Қорытынды балл в % = 72

Есептеу кезінде алынған пайызға сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.

72 балл 70 балдан 89 балға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «Жақсы» санатына сәйкес келеді.

Осылайша, осы есептеуде жоба дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ге ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «Жақсы», 72 балға бағаланатын болады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН

Негізгі:

1. Энтони Кенни. Батыс философиясының жаңа тарихы, 1-том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 408 б.
2. Эмерих Корет. Основы Метафизики. Перевод В. Терлецкого Киев: "Тандем", 1998 Emerich Coreth. Grundriss der Metaphysik. Innsbruck-Wien: Tyrolia-Verlag, 1994
3. Хайдеггер М. Введение в метафизику.-Спб: Высшая религиозно-философская школа, 1998.-299с.
4. Рене Генон. Человек и его осуществление согласно веданте. Восточная метафизика.-М.: РНПЦ, Беловодье, 2004.-206с.
5. А. Ержанова, Б.Нуржанов. Культура, коммуникации, медиа. – А., 2010
6. С. Мырзалы Философия. – Алматы, 2022.

Интернет материалдары:

Лекции проф. Авенира Ивановича Уёмова

- «Единая коллекция цифровых образовательных ресурсов» <http://school-collection.edu.ru/>
 - Библиотека сайта philosophy.ru: <http://www.philosophy.ru/>
 - Библиотека философского факультета МГУ: <http://philos.msu.ru/>
- «Открытый университет Казахстана» - <https://open.kz>.